

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІ



ТАЛҒАТ БИГЕЛДИНОВ АТЫНДАҒЫ
ӘСКЕРИ КОЛЛЕДЖІ



- Даярланған және ынталандырылған сержанттар мен офицерлерсіз мықты Қарулы Күштер құру мүмкін емес. Сондықтан біздің басты міндеттеріміздің бірі - сержанттық құрамға кәсіби әскери білім беру ісін дамыту. Бұл мәселені шешуде «Жас ұлан» мектептерінің және Кадет корпусының барлық әлеуетін пайдалану қажет.

**Қазақстан Республикасының Президенті
Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев**

- Строительство сильных Вооруженных Сил невозможно без подготовленных и мотивированных сержантов и офицеров. Поэтому одна из наших ключевых задач - это развитие профессионального военного образования сержантского состава. В решении этого вопроса нужно задействовать весь потенциал школ «Жас ұлан» и Кадетского корпуса.

**Президент Республики Казахстан
Токаев Касым-Жомарт Кемелевич**

Әскери колледждің құрылу тарихы

Әскери мамандыққа қазақ ұлтының жастарын бағдарлау, әскери оқу орындарына түсуге оларды дайындау мақсатында, Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Министрлер Кеңесінің 1984 жылғы 27 маусымдағы № 278-20 шешімімен оқушыларды қарқынды әскери-дене шынықтыру дайындығы және орыс тілін тереңдетіп оқытатын Қарағанды республикалық арнайы мектеп-интернаты құрылды.

Қазақстан Республикасы Министрлер Кеңесінің 1992 жылғы 9 шілдедегі №587 қаулысымен «Қарағанды Республикалық әскери мектеп-интернаты» болып мектеп атауы өзгертілді.

Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Министрлер Кеңесінің 1992 жылғы 4 тамыздағы №653 шешімімен Қарағанды Республикалық әскери мектеп-интернатына Екі мәрте Кеңес Одағының Батыры Т.Ж. Бигелдинов аты берілді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 26 қыркүйектегі №789 қаулысымен мектеп Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі қарамағынан Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің қарамағына берілді және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «Екі мәрте Кеңес Одағының Батыры Т.Ж. Бигелдинов атындағы «Қарағанды республикалық «Жас ұлан» мектебі» республикалық мемлекеттік мекемесі болып атауы өзгертілді.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2025 жылғы 28 ақпандағы №238 бұйрығымен мектеп Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі Кеңес Одағының Екі мәрте Батыры Т.Ж. Бигелдинов атындағы әскери колледжі болып құрылды.

Арнаулы орта оқу орнын құрудағы ұсыныс – мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде сержанттар құрамының лауазымдарында келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеру үшін кіші командалық құрамның кадрларын даярлау болатын.



История создания Военного колледжа

Карагандинская Республиканская специализированная школа-интернат с углубленным изучением русского языка и усиленной военно-физической подготовкой учащихся была основана решением Совета Министров Казахской Советской Социалистической Республики от 27 июня 1984 года №278-20, с целью ориентации юношей казахской национальности к военной профессии, подготовки их к поступлению в военные учебные заведения.

Постановлением Совета Министров Республики Казахстан от 9 июля 1992 года №587 школа переименована в «Карагандинскую Республиканскую военную школу-интернат».

Решением Совета Министров Казахской Советской Социалистической Республики от 4 августа 1992 года №653 Карагандинской Республиканской военной школе-интернату присвоено имя Дважды Героя Советского Союза Т.Я. Бигелдинова.

Постановлением Правительства Республики Казахстан от 26 сентября 2015 года №789 школа передана из ведения Министерства образования и науки Республики Казахстан в ведение Министерства обороны Республики Казахстан и переименована в республиканское государственное учреждение «Карагандинская республиканская школа «Жас улан» имени Дважды Героя Советского Союза Т.Я. Бигелдинова» Министерства обороны Республики Казахстан.

В 2025 году школа была реорганизована в военный колледж Министерства обороны Республики Казахстан имени Дважды Героя Советского Союза Т.Я. Бигелдинова.

Среднее специальное учебное заведение создано для подготовки специалистов среднего звена и дальнейшего прохождения воинской службы по контракту на должностях сержантского состава в Вооруженных Силах Республики Казахстан в соответствии с государственным стандартом образования.



Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы



Верховный Главнокомандующий Вооруженными Силами Республики Казахстан



Талғат Бигелдинов - қазақ ұландарына Отан қорғаудың өшпейтін өнегелі ізін қалдырған батыр. Ол - көк жүзінде қаһарман ерліктердің ерекше үлгісін көрсеткен, аты аңызға айналған айтулы тұлға.

Талғат Бигелдинов - Екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атағын алған тұңғыш қазақ. Екі мәрте Кеңес Одағы Батыры атағын алған Т.Б.Бигелдинов бос жатпайтын, алға қарай ұмтылып тұратын адам болды. Ол сол мінезінің арқасында қосымша Мәскеу инженерлік-құрылыс техникумын да аяқтап үлгерді және бірнеше жыл Қазақ КСР Мемлекеттік құрылыс басқармасында әртүрлі департаменттерді басқарды.

Сонымен қатар, бүгінде Ақтөбелік жоғары азаматтық ұшқыш авиациясына, сондай-ақ батырдың өзі қайырымдылық іс-шаралар аясында жиі көмек көрсеткен Қарағандыдағы әскери колледжіне Талғат Бигелдиновтың есімі берілді.



Екі мәрте Кеңес
Одағының Батыры
Талғат Жақыпбекұлы
Бигелдинов



Дважды Герой Советского Союза Талғат Якубекович Бигелдинов

Во все времена защита Отечества считалась высшей гражданской доблестью. Продолжать традиции легендарных батыров, воинов Великой Отечественной войны призваны обучающиеся Военного колледжа.

И не случайно колледжу присвоено имя Дважды Героя Советского Союза Т.Я. Бигелдинова, чья жизнь и ратный труд служат примером для будущих защитников Родины.

Имя Талғата Бигелдинова уже при жизни вписано в скрижали Отечества.

Жизнь и подвиги Героя Великой Отечественной войны генерал-майора авиации Бигелдинова Талғата Якубековича остаются ярким примером беззаветного служения Родине для многих поколений казахстанской молодёжи, решивших стать офицерами и посвятить свою жизнь службе в Вооруженных силах Республики Казахстан.





Оқыту келесі мамандықтар бойынша жүргізіледі:

1. «Әскери істегі кіші буын бөлімшелерін басқару» біліктілігін бере отырып, «Зымыран әскерлері мен артиллерия бөлімшелерін басқару» мамандығы;
2. «Әскери істегі логистика» біліктілігін бере отырып, «Азық-түлікпен қамтамасыз ету» мамандығы;
3. «Әскери істегі логистика» біліктілігін бере отырып, «Киім-кешекпен қамтамасыз ету» мамандығы.

Әскери колледжді бітіргеннен кейін түлектерге мамандығы бойынша біліктілікпен қатар, мемлекеттік үлгідегі диплом және «кіші сержант» әскери атағы беріледі.

Әскери колледждің түлектері кіші командалық буын лауазымдарында әскери қызмет өткеру үшін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери бөлімдеріне жіберілетін болады.

Әскери колледждің үздік түлектері өз мамандықтары бойынша жоғары әскери оқу орындарының екінші курсына оқуға жіберіледі.

Обучение будет проводиться:

1. «Управление подразделениями младшего звена в военном деле» с присвоением квалификации «Управление подразделениями ракетных войск и артиллерии»
2. «Логистика в военном деле» с присвоением квалификации «Продовольственное обеспечение»
3. «Логистика в военном деле» с присвоением квалификации «Вещевое обеспечение»

По окончании военного колледжа выпускникам выдается диплом государственного образца с присвоением квалификации по специальности, воинское звание «младший сержант».

Выпускники Военного колледжа будут направлены в воинские части Вооруженных Сил Республики Казахстан для прохождения воинской службы на должностях младшего командного звена.

Лучшие выпускники Военного колледжа будут направлены для дальнейшего обучения на второй курс высших военных учебных заведений по своим специальностям.

Тәрбие жұмысы



Мектепішілік оркестр



**Халықаралық «Айбын»
әскери-патриоттық жастар
жиыны**



Жігіт сұлтаны



Қоян-қолтық ұрыс




Әскери бал





Қысқы спартакиада

Оқу-материалдық базасы



Спорттық базасы




Казармалық тұрғын үй қоры

Кітапхана

Оқу-материалдық базасы



Асхана



Әскери дайындық сыныбы/ТИР



Учебно-материальная база




Кабинет робототехники содержит все необходимые учебные пособия, приборы и технические средства обучения, позволяющие обучающимся легко и увлекательно осваивать принципы роботостроения, электроники, механики и информатики



Современный кабинет химии позволяет обучающимся получить не только теоретические знания, но и практические навыки. Благодаря лабораторным принадлежностям для химических экспериментов и современному дополнительному оборудованию, процесс обучения становится интересным и разнообразным

Учебно-материальная база



Основное назначение лингафонного кабинета - предоставить возможность каждому обучающемуся принимать участие в диалогах, дискуссиях и отрабатывать навыки устной речи




Наличие в кабинете «Физика» современного оборудования, интерактивной доски дает возможность объединять в себе новые и традиционные технические средства обучения

Әскери колледжге түсу тәртібі

Мемлекеттік мекемеге оқуға қабылдау тәртібі уәкілетті орган бекіткен тиісті деңгейдегі білім беру бағдарламаларын іске асыратын әскери оқу орындарына оқуға қабылдау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Әскери колледжге конкурстық негізде оқуға түсетін жылы 15 жастан кіші емес және 17 жастан аспаған, 9 сыныпты бітірген, денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамды ер балалар, Қазақстан Республикасының азаматтары қабылданады.

Қазақстан Республикасының «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңы 39-бабының 2-тармағына сәйкес негізгі орта білім беру базасында техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын әскери оқу орындарына түсуге оқуға түсетін жылы он бес жасқа толған, бірақ он жеті жастан аспаған азаматтардың құқығы бар.




Барлық кезеңдерден сәтті өткен, ең көп балл жинаған кандидаттар одан әрі оқуға қабылданады.

Порядок поступления в Военный колледж

Порядок приема на обучение в государственное учреждение осуществляется в соответствии с Правилами приема на обучение в военные учебные заведения, реализующие образовательные программы соответствующего уровня, утверждаемые уполномоченным органом.

Согласно пункту 2 статьи 39 Закона Республики Казахстан «О воинской службе и статусе военнослужащих», в военные учебные заведения, реализующие программы технического и профессионального образования на базе основного среднего образования, имеют право поступать граждане, достигшие на год поступления возраста 15 лет, но не старше 17 лет.



Кандидаты, успешно прошедшие все этапы, набравшие наибольшее количество баллов, будут приняты для дальнейшего обучения.

Contact Us

**100027, Қарағанды қаласы
Ғ. Мұстафин көшесі, 10,
тел.: +7 7212 56-93-92**

+7 7212 56-09-88

инстаграм:

@zhasulan_karaganda

**100027, г. Караганды,
ул. Г. Мустафина, 10,
тел.: +7 7212 56-93-92**

+7 7212 56-09-88

инстаграм:

@ zhasulan_karaganda

